



Халықты
ұйытқан
құндылық

2-бет

Жаңарған мектеп,
жайлы орта

5-бет

Шымырханның
шешуші голы

8-бет

• ЕРТЕҢ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Тіл – жанның үні

Тәуелсіздік алған сәттен бастап, еліміз өз ішінде бейбітшілік пен келісімді, толеранттылықты және этносаралық таулықты сақтауға баса мән беріп келеді. Бұл – Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі. Қазақстанда 100-ден астам этнос өкілі бар. Бұл көрсеткіштің өзі елдің әртүрлі мәдениет пен тілдерге қаншалықты ашық екенін көрсетеді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстанның көпэтносты елге айналуында тарихи себептер маңызды рөл атқарды. XX ғасырдың 30-40-жылдары Кеңес Одағының шешімімен әртүрлі халықтар Қазақстанға жер аударылды. Атап айтсақ, кәрістер, немістер, шешендер, ингуштер, татарлар, украиндар, белорустар мен баска да ұлттар Қазақстанға қоныстандырылды. Бұл халықтар қиын-қыстау заманда қазақ халқынан пана тауып, бірлікте өмір сүре білді. Осы кезден-ақ елімізде этностардың бейбіт және тату өмір сүруі қалыптасты. 1950-1960 жылдардағы тың және тынайған жерлерді игеру саясаты да Қазақстанның этникалық құрамын өзгертуге әсер еткені мәлім.

2025 жылғы халық санағының алдын ала мәліметтері бойынша, Қазақстан халқының саны – 20 миллионнан асты.



Қолмақыз жасаған Шаһар Аманжол

Олардың ішінде, қазақтар шамамен 71,3%, орыстар – 14,6%, өзбектер – 3,3%, украиндар, ұйғырлар, татарлар, немістер, кәрістер, әзірбайжандар, шешендер, түріктер және баска этнос өкілдері де аз санмен болса да, елдің бір бөлшегіне айналған.

Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Сонымен қатар, орыс тілі – ресми тіл ретінде кеңінен қолданылады. Халықтың басым бөлігі екі немесе одан да көп тілді меңгерген. Бұл – Қазақстандағы тілдік саясаттың салмақтылығын көрсетсе керек.

2021 жылғы халық санағы бойынша қазақ тілін меңгергендер – 80%-дан асды. Ал, орыс тілін меңгергендер – 83% шамасында. Сонымен қатар, өзбек, ұйғыр, татар, неміс, корей, дүнген, әзірбайжан, түрік және тағы баска этностар өз

тілін сақтап, мектептер мен мәдени орталықтарда үйретіп келеді. Бұл – мемлекеттің әрбір этностың тілі мен мәдениетіне құрметпен қарауының нәтижесі.

Қазақстанда қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру – білім беру саласында белсенді түрде жүзеге асуда. Бұл саясат жастардың әлемдік деңгейдегі білім мен ақпаратқа қол жеткізуіне мүмкіндік беруде.

Өңірімізде әрбір этностың ұлттық-мәдени бірлестіктері жұмыс істейді. Олар тіл курстарын, би, музыка үйірмелерін, ұлттық мерекелер мен мәдени шаралар ұйымдастырып, еліміздің мәдени байлығын арттыруда. Мысалы, әзірбайжандар Новруз мейрамын, украиндар Масленицаны, кәрістер Чусок мейрамын тойлап, ортақ мәдени кеңістікте бірге өмір сүруде.

Мемлекет тарапынан әрбір этносқа тең құқықтар мен мүмкіндіктер берілген. Бала-бақшаларда, мектептерде және ЖОО-да өз ана тілінде оқытуға рұқсат етілген және этномәдени орталықтарға қолдау көрсетіледі.

Қазақстан – этностар мен тілдер тоғысқан ерекше мемлекет. Елімізде жүзден астам этнос бейбіт және ынтымақта өмір сүріп, бір мүдде жолында бірігіп еңбек етуде. Бұл – Қазақстанның басты құндылығы. Мемлекеттің жүргізіп отырған саликалы саясатының арқасында көпэтносты қоғамда бірлік, татулық және өзара құрмет орнықты.

• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Жеті отбасы баспанасыз қалмайды

Бірінші қыркүйек күні Бұқар жырау ауданына қарасты Қушоқы кентінде өрт шығып, барак типтес бірқабатты көппәтерлі үй толықтай жанып кеткен. Сегіз пәтерден тұратын тұрғын үйдің өртену аумағы 280 шаршы метрді құрады. Қызыл жалынның салдарынан жеті отбасы, яғни, 12 адам баспанасыз қалды. Қазіргі таңда зардап шеккендер туыстарының үйлеріне уақытша орналастырылған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ресми дерекке сүйенсек, өрт үйдің ағаштан жасалған құрылымдары, қабырғалары, жиһаздары мен тұрмыстық техникасын түгел жаламаған. Алдын ала болжам бойынша, өрттің шығуына электр сымдарының қысқа тұйықталуы себеп болып отыр.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті ұсынған дерекке сүйенсек, Бұқар жырау ауданы, Қушоқы ауылы, 1 Мамыр көшесі, 8-үй мекенжайында орналасқан тұрғын үйден өрт шыққаны жөнінде 1 қыркүйек күні «112» жедел қызметіне хабарлама түскен.

Шақырту түскен сәтте оқиға орнына кестеге сәйкес Қушоқы ауылындағы №29 өрт сөндіру бекетінің кезекші жасағы жөнелтілген. Алғашқы құрамда бір техника және үш қызметкер болыпты. Кейін жағдайдың күрделенуіне байланысты қосымша күш пен құралдар тартылып, жалпы саны 20 адам



Сурет шыққан кездегі

мен 6 өрт сөндіру техникасы жұмылдырылған.

Тілсіз жаумен күрестің алғашқы кезеңінде бірқатар қиындықтар туындап, жалынның жылдам таралуына өрт аумағының ауқымдылығы, жоғары температура, қою түгін, жанғыш заттардың көп болуы және ғимараттың ишалдан жасалған ескі ағаш конструкциясы айтарлықтай әсер етті. Алғашқы өрт сөндіру тобы жеткенде, үйдің бір бөлігі толық қызыл жалынға оранып, өрт өршіп тұрған.

Дегенмен, өрт сөндіру бөлімшелерінің жедел әрі үйлесімді іс-әрекетінің арқасында жалын дер кезінде оқшаулап, сөндірілді. Қызметкерлер оқиға орнына келген сәттегі өрт аумағынан тыс жерлерге жалынның таралуына жол бер-

меді. Сонымен қатар, 27 литрлік газ баллоны жарылмай тұрып, қауіпсіз аймаққа шығарылып, үлкен апаттың алдын алды, – делінген облыстық төтенше жағдайлар департаменті ұсынған ақпаратта.

Ал, тұрғындар құтқарушылардың әрекетіне наразылық танытып отыр. Олардың айтуынша, алғашқы көлікте су жеткіліксіз болған, ал, көмек кешігіп жеткен. – Өрт сөндіру техникалары бөлімшеге оралған сайын толықтай су құйылып, кезекшілікке дайын күйінде шығарылады. Белсенді өрт сөндіру кезінде көлемі 5 000 литр болатын су шамамен 5-7 минут ішінде толық жұмсалады, – делінген түсініктемеде.

Өрттен зардап шеккендердің бірі Қушоқы кентінің тұрғыны

Наталья Дик ханымға хабарласып, мән-жайды білдік. Үш баласымен үш бөлмелі пәтерде тұрған отбасы барынан айырылып отыр.

– Жұмыста жүр едім. Шамамен 14:15-те қызым қонырау соғып, үйдің өртеніп жатқанын айтты. Шығып үлгеріпті. Жалма-жан құжаттарды шығарып үлгердік. Үй тұтас жанып кетті. Қабырғалары ғана қалды. Кейінгі кезде электр желісі жиі өшеді. Өрт сол ақаудан болған деп жатыр. Жергілікті билік барынша көмектесуде. Бір реттік жәрдемақы бөлінген көрінеді. Енді түсетін шығар. Үшінші қызым мектеп жасында. Оның мектепке киіп баратын түгі қалмады. Әкімдік қызыма мектепке қажетті, киім-кешек, оқу құралдарын толық сатып алып берді. Одан бөлек,

күнделікті тұрмысқа қажетті дүниелер және азықтүлікпен қамтып жатыр. Ешкім зардап шеккен жоқ. Үй мәселесі әзірге белгісіз, – дейді Наталья Михайловна.

Өрттен кейін жергілікті билік жедел әрекет етіп, арнайы штаб құрған. Бұқар жырау ауданы әкімдігі ұсынған ақпаратқа сәйкес, аудан әкімі Ерлан Құсайын өрттен зардап шеккен тұрғындармен кездесіп, әр отбасына аудан әкімдігінің бөлім басшыларын бекітті.

– Арнайы штаб ашылды. Көмек көрсету пункттері жұмыс істеп тұр. Тұрмыстық техникамен де қамтудамыз. Атап айтсақ, тоназытқыш, электр плитасы, қысқа толқынды пеш сынды ең маңыздыларымен қамтуға күш салудамыз. Жатақхана ұсынып едік, одан бас тартып, «туыстарымыздың үйінде тұрамыз» деді, – дейді Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары Берік Көпбаев.

Қазіргі таңда өрттен зардап шеккендерге бірқатар көмек те көрсетілуде. Аудандық бюджеттен әр отбасыға 100 АЕК көлемінде (393 200 теңге) біржолғы материалдық көмек бөлінген. Сонымен қатар, «AMANAT» партиясының ғимаратында гуманитарлық көмек қабылдау пункті де ашылды. Қайырымдылық ұйымдары мен демеушілер тарапынан төсек-орын, көрпе-жастық, киім-кешек, азықтүлік пен кеңсе тауарлары жеткізілген.

Бұл мәселе облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жеке бақылауында тұрғанын атап айту керек. Билік өкілдері зардап шеккен отбасылардың қыстың алдында далада қалмауын басты міндет деп отыр.

• РЕСМИ

Қаржыңызды бақылауда ұстаңыз

Салық төлеу – әрбір азаматтың келелі міндеті. Бірақ, кейде уақыттың тығыздығынан немесе өзге де бірқатар себептермен салық берешегі пайда болып жатады. Ондай жағдайға тап болмас үшін, облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті салық берешегін жылдам әрі оңай анықтаудың жолдарын ұсынады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ыңғайлы және жылдам бірнеше тәсіл бар. Алғашқысы, Мемлекеттік кірістер комитетінің порталы (kgd.gov.kz). «Электрондық сервистер» бөліміне кіріп, «Салық берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер» қосымша бетін таңдасаңыз, жеткілікті. Веб-сервис тілі қарапайым әрі ұғынықты. Ендігісі, E-SalykAzamat мобильді қосымшасы. Оны қалта телефоныңыздағы AppStore немесе PlayMarket-тен жүктеп ала аласыз. Осылайша, сіздің салық web-кеңсеңіз әрдайым көз алдыңызда болады. Telegram-дағы SalyqBot-қа келелік. Егер сіз Telegram-ды жиірек қолдансаңыз, бұл бот қажетті ақпаратты тез арада алуға септеседі. Және соңғысы – Egov.kz электрондық үкімет порталы. Мемлекеттік қызметтерді алуға арналған ең танымал ресурстардың бірі.

Халықты ұйытқан құндылық

Ел тәуелсіздігінің берік іргетасына айналған Ата Заң – әрбір азаматтың құқығы мен бостандығының кепілі, бейбітшілік пен тұрақтылықтың символы. Осы айтулы мерекені қарағандылықтар ерекше қуанышпен қарсы алды. Майқұдық саябағы бұл күні аймақтың ең үлкен алаңына айналып, «Ата Заңға – 30 жыл: Тәуелсіз мемлекеттің берік тұғыры» атты облыстық патриоттар форумына жиырма мыңнан астам тұрғын жиналды. Форумда Конституцияның ел өміріндегі орны мен құндылығы айшықталып, қоғамға үлгі болар азаматтар марапатталды, жастарға жаңа мүмкіндіктер берілді. Қарағандылықтарды облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құттықтады.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол Конституция тәуелсіздіктің берік іргетасы және әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылатынын, елдің дамуы заңдылық, құқықтық тәртіп және тұрақтылық қағидаттарын сақтамау мүмкін еместігін атап өтті.

– Құрметті қарағандылықтар, Конституцияның 30 жылдығы – еліміздің әрбір азаматы үшін айтулы мереке. Бұл біздің әрқайсы-

мызды қорғайтын, ертеңгі күнге сенімділік беретін және дамуға жол ашатын заң. Конституцияның басты құндылығы – адам, оның құқықтары мен бостандықтары. Біздің Конституция елдегі бейбітшілік, тұрақтылық пен дамудың негізіне айналды. Ең бастысы, ол біздің қоғамдағы Заң мен Тәртіптің басымдығын бекітті. Президентіміз айтқандай, Конституцияның мызғымас құндылықтарына сүйене отырып, біз әділ Қазақстанды – баршаға бірдей мүмкіндіктер мемлекетін нығайтамыз, – деді

аймақ басшысы.

Форум барысында ел қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп жүрген бірқатар қызметкерлер марапатталды. Атап айтқанда, облыстың полиция департаменті мен «Орталық» өңірлік қолбасшылығының үздік қызметкерлері облыс әкімінің марапаттарына ие болды.

Ал, үздік учаскелік инспекторларға екі миллион теңге көлемінде сыйақы берілді. Оның ішінде, Нұра аудандық полиция бөлімінің инспекторы Дархан Жаңабылов ерекше аталды. Ол



– ішкі істер саласында бірнеше буын қызмет еткен әулеттің өкілі.

– Ішкі істер саласында 2010 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Полицияда бірнеше буын қызмет атқарған әулет өкілімін. Атам – ішкі істер органдарының ардагері. Басқа да туыстарым да осы жүйеде жұмыс істейді. Менің әкімшілік учаскемде бір жарым мыңға жуық адам тұрады. Негізінен, барлығы – адал азаматтар. Мен «Кәсібімнің үздігі» байқауына қатысып, тұрғындар маған дауыс берді, – деді Дархан Жаңабылов.

Мемлекеттік қызмет ардагері Ғабит Тұзақов ведомстволық на-

градамен марапатталды.

Сонымен қатар, алғаш рет жұмысқа қабылданған жас мемлекеттік қызметшілер ант қабылдап, адалдықпен елге қызмет етуге серт берді. Бұл ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі болды.

Аймақтың талантты түлектеріне облыс әкімінің білім гранттары табыс етілді. Облыс әкімінің білім гранттарына мектеп түлектері ие болды.

– Мен өткен жылы мектепті бітірдім, ал, биыл ҚарҰУ-ға, арнайы педагогика факультетіне түстім. Облыс әкімінің білім грантына ие болдым. Маған

осындай мүмкіндік берілгеніне өте қуаныштымын. Кәсіби өмірімді педагогикамен байланыстырғым келеді. Мен балаларды жақсы көремін және олармен жұмыс істегім келеді, – дейді Камилла Миллер.

Ал, жұмысқа алғаш қабылданған жас мемлекеттік қызметкерлер ант қабылдады. Бұл ұрпақтар сабақтастығының символына айналды. Жас мамандардың заң мен адалдық негізінде мемлекетке қызмет етуге дайындығын растады.

Аймақ басшысы атап өткендей, білім саласына бағытталған қолдау – жастардың болашағына салынған инвестиция.

Форум аясында тұрғындарға арналған тегін құқықтық кеңестер жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Әділет, экономикалық тергеу, төтенше жағдайлар департаменттерінің және жоғары оқу орындарының мамандары азаматтарға заңнама, әлеуметтік кепілдіктер мен құжат рәсімдеуге қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Ал, саябақтағы мерекелік сахнада жергілікті әртістер өнер көрсетіп, халықтың көңілін көтерді. Кештің шарықтау шегінде қазақстандық әйгілі «МузАРТ» тобы патриоттық әндер орындап, жұртшылыққа ерекше мерекелік көңіл күй сыйлады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



Кемел болашақтың бастауы

Балқаш қаласында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жаңа заманауи білім ордасы есігін айқара ашты. №12 жалпы білім беретін мектеп атауын иеленген бұл оқу орны жаңа оқу жылында алғашқы оқушыларын қарсы алуға сақадай сай.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы ауданы 14 545 шаршы метрді құрайтын білім мекемесі 900 орынға есептелген. Қазіргі таңда мұнда 900-ге жуық оқушы білім алуда. Оның ішінде 113 бала 1 сынып табалдырығын алғаш рет атады. Бұл – Балқаш қаласындағы білім беру саласындағы елеулі жаңалықтардың бірі.

Салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қатысып, ұстаздар мен оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады:

– Білім – баға жетпес қазына. Бүгінгі оқушылар Тәуелсіздіктің игілік жолында білімдеріңізді көдеге жаратып, өрісі кең, өрелі азамат атанарына сенемін. Балқаш қаласында осындай заманауи, жан-жақты жабдықталған мектептің ашылуы – өңіріміз үшін үлкен жетістік. Бұл – Мемлекет басшысының білім саласына ерекше көңіл бөліп отырғанының айқын дәлелі. Бүгінгі оқушылар – елдің ертеңі. Біз олардың сапалы білім алып, заманауи талаптарға сай



дамуына жағдай жасауымыз қажет, – деді облыс басшысы.

Мектептің басты артықшылығы – оның толық заманауи техникалармен жабдықталуында. 36 оқу кабинеті, соның ішінде, интерактивті сыныптар, мультимедиялық құралдар, озық STEM зертханалары,

робототехника кабинеттері оқушыларға жаңаша білім алуға мүмкіндік береді. Оқушылар енді тек дәстүрлі емес, электрондық ресурстармен де жұмыс істей алады.

Білім беру мекемесі тек мемлекеттік тілде оқытады. Бұл – еліміздің мемлекеттік білім беру саясатының



басты қағидаттарының бірі. Сонымен қатар, мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті орта қарастырылған.

Кітапхана мен медиа орталық оқушылар мен ұстаздар үшін кең көлемдегі білім ресурстарын қолжетімді етпек. Оқу орны қауіпсіздік пен сапа стандарттарына толық сәйкес келеді.

«Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерген жаңа мектеп Балқаш қаласындағы оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешіп, өңірдің білім беру инфрақұрылымын дамытуға өз үлесін қоспақ.

Айта кетейік, бұл мектептің ашылуы – елімізде білім беру инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаның нақты нәтижесі. Бұл – сапалы білім мен қолайлы ортаға деген мемлекеттік қамқорлықтың тағы бір жарқын көрінісі.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген автор

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Ақын ауылының ақжолтайы

1 қыркүйек – Білім күні Қарқаралы ауданына қарасты Қасым Аманжолов ауылында сән-салтанаты ерекше мереке болып аталып өтті. Өйткені, бұл күні округте мектептің жаңа ғимаратының ашылу рәсімі болды. Ауыл тұрғындары бұл жаңалықты көптен күткен еді.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

200 оқушының білім алуына арналған білім ордасы жыр найзағайы Қасым атындағы ауылдың үлкен-кіші тұрғындарын ортақ қуанышта бір мақсатқа тоғыстырып, округтің тың серпінмен дамуына әсер етеді деген үміт бар.

Ауылдағы айтулы салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Азамат Тайжанов мырза арнайы «ат терлетіп» келіп, тұрғындарды елдімекендегі мәні зор оқиғамен құтықтап, Білім күні есігін айқара ашқан мектеп үйінің игілігін жергілікті халық көретініне, шәкірттердің талай буыны үшін болашақтың есігі айқара ашылатынына сенім білдірді. Мерекеге жиналған жұртқа

хәм билік өкілдеріне ауыл тұрғындарының атынан Сәбит Тоғамбеков ақсақал алғыс айтып, осы ғимаратта білім сапарын жалғастыратын 145 оқушы мен ұстаздар қауымына батасын берді.

Жалпы аумағы 1850 шаршы метрді алып жатқан мектеп кешеніне 14 оқу кабинеті бар екі қабатты оқу корпусы, шеберхана мен спорт залы, басқа да қосалқы қызмет орындары кіреді екен.

Мектептің жаңа ғимаратының ашылу рәсімі әсем ән мен әсерлі күйге ұласып, жиналғандарға мерекелік көңіл күй сыйлады.

Сурет Қарқаралы ауданы әкімдігінің сайтынан

Ұлттық жоба ұрпақ үшін

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған жаңа №28 жалпы орта білім беретін мектеп білім айдынында желкенін түрді. Заманауи білім ордасы 300 оқушыға арналған. Мұнда 30 сынып ашылып, балалар екі ауысымда білім алады. Оқушыларға арналған 80 орындық жайлы асхана бар, сондай-ақ, ерекше білімді қажет ететін балаларға да жоғары деңгейде жағдай жасалған.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты ашылу рәсінде облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков барша ұстаздар мен оқушыларды білім мерекесімен құттықтады.

– Бүгін барлығымызды біріктірген шарықты әрі қуанышты мереке. Жаңа оқу жылының алғашқы күні – жаңа бастамаларға жол ашып, ізденістер мен идеяларға шабыт беретін күн. Мемлекетіміз әрдайым білім беру саласына ерекше көңіл бөліп келеді. Облысымызда «Келешек мектептері» ұлттық жоба-

сы аясында бүгін 3 жаңа мектеп іске қосылды. Биылдың соңына дейін тағы 5 мектеп пайдалануға берілетін, – деді ол өз сөзінде.

Өңірде қолданыстағы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жүйелі түрде жаңартылуда. Биыл облыста 33 білім беру нысанында күрделі жөндеу жүргізілді, оның ішінде, 29 мектеп «Мектептерді реновациялау» жобасы аясында іске асты. Бұдан бөлек, 232 нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары атқарылды.

Жаңа №28 мектептің ашылуы Қарағандыдағы білім сапасын арттыруға, балалардың шығар-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

машылық қабілеттерін дамытуға және ұстаздардың сапалы еңбек етуіне мол мүмкіндік береді. Бұл

білім ордасы жас ұрпақтың арман-мақсатына апарар сенімді көпірге айналмақ.

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Базар жаңармаса, тарқайды

Облыс аумағындағы базарлар кезең-кезеңімен заманауи форматқа көшірілуде. «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңға сәйкес, 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін елдегі барлық сауда орындары жаңа талаптарға сай стационарлық нысандарға айналуы тиіс. Енді жабайы сауданың жолы жабылып, ашық-шашық базарлар жыл соңына дейін жаңартылады. Олай болмаған жағдайда сауда алаңдары мемлекет меншігіне қайтарылады. Осыған орай аймақтағы бес ірі базарда жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев өңірге арнайы іссапармен келіп, атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Сауда заманауи форматқа көшуі тиіс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында да, Ұлттық Құрылтай отырысында да еліміздің даму қарқынын тежеп отырған ескі әдіс-тәсілдерден арылып, жаңа, өркеніетті бағытқа көшу қажеттігін бірнеше мәрте қадап айтты. «Біздің міндетіміз – халықтың өмір сапасын арттыру, елдің экономикалық қуатын еселеу. Ол үшін нақты жобалар мен іс-қимыл қажет», – деген Президент сөзі бүгінде сауда инфрақұрылымын жаңғырту ісінде басты бағдарға айналды.

Ұлттық даму жоспары аясында 2029 жылға қарай елдегі сауданың кемінде 70 пайызы заманауи форматқа көшірілуі тиіс. Еліміздегі дәстүрлі сауда алаңдары толықтай жаңғыртылып, сауда кеңістігі цифрландырылып, заманауи талаптарға сай қайта жанданады.

– Ішкі және сыртғы сауда саласында жақсы көрсеткіштер бар. Қазір бизнес субъектілерінің отыз бес пайызы сауда саласында жұмыс істейді. Сауда саласы жұмыспен қамту бойынша бірінші орында тұр. Бұл салада бір жарым миллион адам жұмыс істейді. Ал, жалпы ішкі өнімге қосқан экономикалық үлесі бойынша екінші орындамыз. 2025 жылдың жеті айында сауда инвестициялары бес жүз жиырма екі миллиард теңгеден астам соманы құрады. (522,5 млрд). Бұл өткен жылдың осы ке-



зеңімен салыстырғанда отыз бір пайызға жоғары. Қарағанды облысында осы жылдың қаңтар-шілде айларында тауар айналымы 2 млрд теңгеден асты, – деді министр Арман Шаққалиев.

Қарағанды облысында сегіз жобаға бір миллиард теңгеден астам қаржы мақұлданды, оның алтауы инвестициялық мақсатта, екеуі айналым қаражатын толықтыруға бағытталды. Қарағанды қаласында жалпы сомасы 721 млн теңгеге қарастырылған төрт жобаға қол қойылды.

Межеден кешікке, мемлекетке қайтады

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстандағы барлық базарлардың заманауи стационарлық үлгіде жұмыс істеуі – міндет. Бұл талап заңда айқын көрсетілген. Бұл мерзім үш рет кейінге шегерілгендіктен, енді қайтадан ұзарту қарастырылмайды. Қазірдің өзінде жүзге жуық нысанда қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Соның ішінде, Қарағанды облысындағы бес базар кезең-кезеңімен жаңаруы тиіс. Бүгінде төртеуінде жоспар бойынша жұмыстар жүріп жатыр, ал, бір нысан қызмет сапасының салғарттығынан мемлекет меншігіне қайтарылды.

Аймақтағы ең ірі сауда алаңдарының бірі саналатын «Шығыс» базарында жаңғырту жұмыстары кестеге сай жүргізілуде. Нысанды толық іске қосу 2025 жылдың

желтоқсанына жоспарланған. Сауда алаңының директоры Юрий Коростелевтің айтуынша, мұнда тек ғимаратты жаңарту ғана емес, сонымен қатар, цифрландыру мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басымдық берілген. Көлік құралдарын автоматты тіркеу, салық органдарына онлайн ескіру беру, бейнебақылау жүйесін енгізу және көтерме саудагерлерге арналған бірыңғай цифрлық платформа құру қарастырылуда.

«Тұлпар» базары аумағында қазіргі таңда Халыққа қызмет көрсету орталығы мен автодром салынып жатыр. Бұл бастама сауда орнын жаңа форматта пайдалануды мақсат тұтады. Жаңа нысан тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді қолжетімді етумен қатар, сауда аймағының көлік инфрақұрылымын да реттеуге мүмкіндік береді.

Өңірдегі ең ауқымды сауда орындарының бірі – «Алтын арба» базары. Жоба аясында 20 мың шаршы метрден асатын заманауи сауда үйі салынады. Құрылыс жұмыстарының басталуы 2025 жылдың төртінші тоқсанына белгіленген, ал, пайдалануға беру мерзімі – 2028 жыл.

– Жобаның жалпы құны 5 миллиард теңгені құрайды. Жаңа сауда орталығы жаңаша жұмыс істеу үшін кинотеатр, балалар ойын алаңы, сауда-саттық алаңдарын іске қосуды көздеп отырмыз. Ашылған соң халық шамамен 3 000 жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі. Жұмыс енді



басталғандықтан сәл кідірістер болып жатыр. Келеңсіздіктердің бәрін әкімдік тарапының қолдауымен онынан шешіп, халыққа жайлы қызмет көрсетуге бар күшімізді саламыз, – деді жоба үйлестірушісі Михаил Шашков.

Қарағандыдағы ескі базарлардың бірі саналатын «Горняк» сауда нысаны да қайта түлеп, жаңғыруда. Жоба жұмыстары жыл соңына дейін толық аяқталуы тиіс. Жаңғыртудан кейін бұл базар да санитарлық талаптарға сай, цифрлық инфрақұрылымы дамыған сауда орнына айналмақ.

Барлық нысанның жағдайы бірдей көңіл көншіте бермейтіні анық. «Қайрат» базары сервистік қызметтің болмауына байланысты мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл шешімнің негізгі себебі – базар аумағының бос тұрып қалуы және инфрақұрылымның талапқа сай болмауы.

Министр Арман Шаққалиевтің айтуынша, аталған базарларды жаңғыртудағы басты кедергілердің бірі – инженерлік желілерге қосылу, жобалық құжаттаманы келісу және қаржыландыру мәселелері. Дегенмен, бұл міндеттердің орындалуына жауапкершілік ең алдымен базар иелеріне жүктеледі. Жұмыстар белгіленген мерзімде толық аяқталуы тиіс.

Баға тұрақтылығы назардан тыс қалмайды

Қараша халықты толғандыратын ең өзекті мәселенің бірі – әлеуметтік маңызы бар

бұл көрсеткіш 8 пайызға жетті. Қарағанды облысында жағдай республикалық деңгейден сәл күрделірек. Жыл басынан бері баға өсімі 9,9 пайызды көрсетіп отыр. Өңіріміз баға өсімі бойынша елімізде үшінші орынға жайғасып, сәл алаңдаушылық тудырып отырғаны жасырын емес.

Бағаның қымбаттауына негізінен 14 түрлі өнім себеп болған. Олардың қатарында күнделікті тұтынатын өнімдер – пияз, сәбіз, қырыққабат, картоп, қарақұмық жармасы, сиыр еті, май, қант, сүт өнімдері және құс еті бар. Министрлік бұл мәселені шешу үшін тұрақтандыру қорларының жұмысын, өндірушілер мен сауда желілерінің арасындағы келісімдерді қадағалауды күшейтуде.

– Біздің басты міндетіміз – азықтүлік тауарларының қолжетімділігін қамтамасыз ету. Өрбір отбасыға күнделікті тұтынатын өнімдердің бағасы тұрақты әрі қолайлы болуы тиіс.

• «ҚОЛЖЕТІМДІ ИНТЕРНЕТ»

Айшылық алыс жерлерден...

Интернет – бүгінгі қоғамдағы негізгі қажеттіліктердің бірі. Әсіресе, ауылдық жерлерде оның қолжетімділігі білім алуға, қашықтан жұмыс істеуге, медициналық қызметке жүгінуге тең мүмкіндік береді. Алайда, шалғайдағы елдімекендер үшін сапалы интернет әлі күнге дейін арман болып келгені жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін мемлекет «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын іске қосып, ауыл мен қаланың арасындағы цифрлық алшақтықты қысқартуға кірісті. Бұл бастама мыңдаған ауыл тұрғынына жаңа мүмкіндіктердің есігін ашпақ.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Цифрлық теңдікке бастайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауларында «Қазақстанның әрбір тұрғынына сапалы интернет қолжетімді болуы тиіс. Бұл – азаматтарымыздың білім алуы, жұмыспен қамтылуы мен медициналық қызметке жүгінуге үшін маңызды», – деген болатын. Осы мақсатта елімізде «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы жүзеге асырылып келеді. Біздің өңірде бұл бағытта нақты жұмыс істеуді қолға алды. Бүгінде өңірдегі 342 ауылдық елдімекеннің 248-і интернетке қосылған. Оның ішінде, 144 ауыл сымды интернетті пайдаланса, 206 ауылда мобильді интернет бар. Дегенмен, әлі 94 ауыл мүлде интернетсіз отыр десек, олардың 20-сы тек 2G желісімен шектелген. Бұл жағдай, әсіресе, шалғай және халық саны аз елдімекендерде жиі кездеседі.

– Ауыл тұрғындарының цифрлық кеңістікке енуі олардың өмір сүру сапасына, білім алуына, жұмыспен қамтылуына және жалпы жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Біз бұл мәселелерді кешенді түрде шешуге кірістік. 2025 жылдың соңына дейін облыстағы 336 ауыл интернетпен қамтылады. Бұл – 204 мың тұрғынның өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ал, 2027 жылға дейін тағы 97 ауылға интернет тартылып, қосымша 151 мың тұрғын цифрлық инфрақұрылымға қол жеткізеді, – деді цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильничий.

Ауылдағы байланыстың ахуалы нешік?

Облыста интернетті дамыту жұмыстары жоспарлы түрде жүріп жатқанымен, бірқатар елдімекендерде байланыс сапасы әлі де өзекті мәселе. Жол желілерінде жүргізілген мониторинг көрсеткендей, «Қараған-



Сурет ашық жерекөзден

ды-Балқаш» бағытындағы 400 шақырымнан астам автожолдың 225 шақырымында мобильді байланыс жоқ. Ал, «Қарағанды-Қарқаралы» күрежолының 28 шақырымында ұялы байланыс ұстамайды.

Жыл басынан бері облыс әкімдігіне тұрғындар тарапынан интернет пен мобильді байланыс сапасына қатысты 18-ге жуық шағым түскен. Оның бір бөлігі Телекоммуникациялар комитетіне жолданып, техникалық тексеру жұмыстарына тапсырылса, қалғаны бойынша операторлардан ресми жауап алынған.

Ауылдық елдімекендердегі сапалы интернеттің болмауы

білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматта пайдалануға айтарлықтай кедергі келтіреді. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде өңір бойынша 100-ден астам географиялық нүктеде тұрақты немесе толықтай мобильді байланыс жоқ екені анықталды.

Бұл ретте жергілікті органдардың да мүмкіндіктері шектеулі. Жақында ғана қабылданған заңнамалық өзгерістер арқылы байланыс сапасын бақылау құзыреті аймақтық деңгейге берілді. Дегенмен, операторларға тікелей ықпал ету, жедел шара қолдануға міндеттеу механизмдері әлі толық жетілдірілген жоқ.

Жаңа мүмкіндіктер мен шешімдер

Интернеттің ауылдық аймақтарға жетуі байланысқа, әлеуметтік және экономикалық дамуға да жол ашатын маңызды қадам. Бұл бағытта мемлекет тарапынан түрлі жобалар қарастырылған. Атап айтқанда, байланыс операторларына субсидия беру арқылы шалғай ауылдарға инфрақұрылым тартудағы экономикалық кедергілер еңсеріледі.

Қазіргі таңда облыста 179 ауылға талшықты-оптикалық байланыс желісі жеткізілуде. Оның аясында 109 мектеп, 90 медициналық мекеме және мемлекеттік органдардың 66 ғимараты жоғары

жылдамдықты интернетке қосылады. Бұл ауылдық жерлерде білім беру мен денсаулық сақтау қызметтерін жаңа деңгейге көтеріп, цифрлық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырмақ.

Сонымен қатар, облыс орталығында 5G желісі кезең-кезеңімен енгізілуде. Қарағанды қаласында бүгінде 52 базалық станция орнатылып, жыл соңына дейін тағы 45 станция іске қосылады. Бұл жаңа технология бизнес, білім және цифрлық қызмет көрсету салаларында тың серпін беріп, аймақтың инновациялық әлеуетін арттырады.

Константин Ильницкийдің айтуынша, «Интернет – ауыл тұрғындары үшін өркеніетке ашылған терезе. Жаңа технологиялар ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етіп, қала мен ауыл арасындағы цифрлық теңсіздікті жоюға мүмкіндік береді».

Түйін

Ауылдарды интернетпен қамту – технологиялық жетістік, әлеуметтік жаңғырудың кепілі. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы арқылы ауыл мен қала арасындағы цифрлық алшақтық қысқарып, барлық азамат үшін тең мүмкіндік қалыптасуда.

Жаңа инфрақұрылым білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамытуға, мемлекеттік қызметтерді онлайн алуға, ауыл кәсіпкерлігін өркендетуге жол ашады. Бұл, әсіресе, шалғай елдімекендердің жастарына үлкен мүмкіндік береді.

Жаңарған мектеп, жайлы орта

Оқушылар каникулға кеткенде жаз бойы мектептерде ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Айталық, білім ошақтарының сыртқы келбеті оқушы танымастай түбегейлі өзгерді, есік-терезесі ауыстырылып, ішкі дизайны түрленді, кабинеттер заманауи жабдықталып, жаңа жиһаздар жеткізілді. Бұл – балалардың сапалы білім алуына жасалып жатқан қамқорлық. БАҚ өкілдері баспасөз турымен Қарағанды қаласындағы күрделі жөндеуден өткен мектептердің қазіргі жай-күйін көріп қайтты.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Баскарма мәліметінше, биыл 265 білім беру объектісіне ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде 29 мектеп «Мектептерді реновациялау» жоспары шеңберінде қамтылды. Жалпы, бағдарлама аясында алдағы үш жылда облыста 68 мектепті қамту жоспарда бар. 35 ауылдық мектеп те жаңғыртылуда.

№5 қосымша білім беру мектеп-орталығы 40 жылда алғаш рет күрделі жөндеуден өтті. Жалпы сыйымдылығы 1560 оқушыға арналған мектепте биыл 1340 бала білім алуда. Олар биыл қасбеті жаңарған, жайлы да жылы, заманауи жабдықталған білім ордасында жаңа оқу жылын бастады.

Мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу бірнеше жыл бұрын басталған. 2024 жылы арнайы әзірленген жобалық-сметалық құжаттама мемлекеттік сараптамадан өтіп, жылу жүйесін толық жаңғыртуға және терезелерді ауыстыруға қаражат бөлінген. 2024 жылы күрделі жөндеуге бюджеттен 190 миллион теңге жұмсалса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 202 миллион теңгені құрады.

– Бұрын мектеп суық болатын, терезелердің тозығы жеткен, ағаш есіктер әбден ескіріп еді. Енді бұл мәселе түбегейлі шешімін тапты. Күрделі жөндеу нәтижесінде жаңа жылыту жүйесі орнатылып, жөртөле бөлігінде заманауи қазандық іске қосылды. Терезелер мен есіктер ауыстырылды. Өткен қыста мектеп іші жылы да жайлы болды, бұған ата-аналар мен оқушылар да, мұғалімдер де дән риза, – деді директор Торғын Нұрмағамбетова.

Сондай-ақ, биыл «Мектептерді реновациялау» бағдарламасы аясында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, білім ошағының бірінші қабаты, спортзал және санитарлық тораптар жөндеуден өткен.

2025 жылы мектептің сыртқы қасбетін жаңартып, күрделі жөндеуден өткізуге бюджеттен қосымша қаражат бөлінген. Бүгінде ғимарат жаңаша келбетке ие. Бұл өзгерістер мектептің тек сыртқы көрінісін ғана емес, сонымен қатар, оның қауіпсіздігі мен энергия үнемділігін едәуір жақсартады.

Директордың айтуынша, жөндеу жұ-

мыстары уақытылы аяқталған. «Мектеп жаңа оқу жылына толықтай дайын болды. Мердігерлік ұйымдар жөндеуді белгіленген мерзімде тапсырды. Жұмыс процесінде ешқандай іркіліс болған жоқ. 1 қыркүйек – Білім күні мерекесін оқушылар іші де, сырты да жаңарған заманауи мектепте қарсы алды», – деді басшы.

№5 қосымша білім беру мектеп-орталығында кабинеттерді жаңарту аясында заманауи талапқа сай жаңа кітапхана ашылған. Сонымен қатар, қосымша білім беру орталығы мен үйірмелерге арналған арнайы кабинеттер жабдықталған. Мектеп жанында музыкалық мектеп бар, десе де, оқу кабинеттеріне тапшылық жоқ.

11-сынып оқушысы Айым Қайрат мектептің заманауи қалыпқа келіп, жаңаруы оқушыларға мотивация беретінін айтты.

– Кез келген оқушы өзі оқып жатқан мектебімен мақтанады. Білім ошағымыздың жөнделіп, жаңарып жатқаны – біз үшін үлкен қолдау. Жаңа дизайн, заманауи сыныптар мен жабдықталған кабинеттер оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыра түседі, – деді ол.

Аталған мектеп-орталығында облыс әкімінің тапсырмасы бойынша ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған сенсорлық кабинет ашылған. Қазіргі уақытта мектепте инклюзияны қолдай кабинеті жұмыс істеп тұр. Мұнда ерекше қажеттіліктері бар балалармен арнайы мамандар жұмыс жүргізеді.

– Бүгінде мектебімізде 60-қа жуық ерекше білім беруді қажет ететін бала бар. Олар үшін арнайы жағдай жасалған, инклюзивті сыныптар толыққанды жұмыс істеуде. Сенсорлық кабинет осы балалардың танымдық және эмоционалдық дамуына оң әсер беріп отыр, – дейді Торғын Нұрмағамбетова.

2025 жылы мектепке бөлінген қаражат ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға және мектеп инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған.

№5 қосымша білім беру мектеп-орталығында күрделі жөндеу мұнымен шектелмек емес. 2026 жылға да жоспарлар бар. Мәселен, білім ошағының екінші, үшінші және төртінші қабаттары, баспалдақ аралықтары, өртке қарсы дабыл жүйесі толық жаңартылмақ.

– Мектеп үш жылға арналған реновация жобасы аясында жаңғыртылып жа-



тыр. Қазіргі таңда бұл жобаның екінші жылы жүзеге асырылуда. Мектеп аумағын абаттандыру, спорттық нысан салу, инфрақұрылымды жетілдіру жоспарланды. Ал, 2027 жылы мектеп жаңа жиһазбен жабдықталып, жаңарту толық аяқталуы тиіс, – деді директор.

Айта кетейік, күрделі жөндеу жұмыстары арнайы мақсатқа бөлінген республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылуда.

Қарағанды қаласындағы №50 негізгі орта мектебі де биыл жөндеу көрді. Мұнда ауқымды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Айталық, мектептің сыртқы қасбеті толықтай линейлік панельдермен қапталып, ғимарат жаңа түрге енген. Кіреберіс жаңартылып, бірінші қабаттың төбесі, қабырғалары мен едені толықтай жөндеуден өткен. Терезелері ауыстырылып, шатыры да жаңарған. Электрлік жабдықтау және жарықтандыру жүйесі қалпына келтірілген.

– Мектепке күрделі жөндеу жүргізуге жалпы сомасы 493 миллион теңге бөлінді. Бұл – екі жылдық жоба. 2025 жылы бөлінген 272 миллион теңге толық игерілді. Биылғы жөндеу жұмыстары аяқталып, мектеп жаңа оқу жылын бастады, – директор Жанар Балапанова.

Оның айтуынша, мектептің жөндеу жұмыстарын Қарағанды қаласының «Промстрой-21» ЖШС мердігер мекемесі жүзеге асырды. Жөндеу жұмыстарының қаржыландыру көзі – жергілікті бюджет есебінен.

Мектептің жобалық қуаттылығы – 640 оқушыға есептелген. Биыл 527 оқушы білім алуда. Қазіргі уақытта мектеп тоғыз жылдық білім беру форматына сай жұмыс істейді.

2026 жылы күрделі жөндеу жұмыстары екінші және үшінші қабатта жалғасады. Келесі жылы барлық оқу кабинеттері мен есіктер, терезелер, төбелер толықтай жаңартылмақ.

Мектеп директорының айтуынша, күрделі жөндеудің нәтижесінде мектептің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсарған. Оқушылар мен мұғалімдер үшін заманауи, қауіпсіз әрі ыңғайлы жағдай жасалған.

– Алдағы уақытта оқу кабинеттеріне арналған жаңа жиһазға да қаржы бөлінеді деп үміттенеміз. «Мектептерді реновациялау» бағдарламасы аясында бірінші қабаттағы үш бастауыш сынып кабинеті, мектепалды даярлық тобы, қыз балаларға арналған көркем еңбек кабинеті, ұл балаларға арналған еңбек шеберханасы және мұғалімдер бөлмесі толықтай жаңа жиһазбен жабдықталды. Келесі жылы



қалған барлық кабинеттерге де жаңа жиһаз беріледі деген сенімдеміз, – деді директор.

Аталған білім ошағы 1962 жылы салынған. 60 жылдан аса тарихы бар мектептің ескіргені де жасырын емес. Спортзалдың кейбір бөліктері жарамсыз күйге түскен, төбесінің бір бөлігі құлаған жағдай да болған. Биыл мектеп спортзалының жөндеу жұмыстары қолға алынып, жыл бойы жалғасып жатыр. Бастапқыда нысанды мамыр айында тапсыру жоспарланған, алайда, әртүрлі себептерге байланысты жұмыс мерзімі ұзарған. Басшының айтуынша, жөндеу жұмыстары 15 күн ішінде аяқталады. Ал, оқушыларға дене шынықтыру сабағы күн суытқанша мектеп ауласында өтеді.

– Мектептің спортзалы мен асхана-сында да жөндеу жұмыстары қарқынды түрде жүріп жатыр. Бұл жұмыстардың тапсырыс берушісі – Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы. Бүгінгі күні жөндеу 90% деңгейінде аяқталған. Жоба бойынша екі нысан қамтылды,



Қол ұшын созу парыз

Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында «Қазақстан халық банкі» өңірдің әлеуметтік осал отбасылардың балаларына қолдау көрсетті. Білім басқармасында «Қазақстан халық банкі» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Иван Скородневский мен Бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Ирина Киселева балалар мен ата-аналарға оқу құралдарының толық жинағы салынған 40 мектеп сөмкесін табыс етті. Сондай-ақ, өңірде әлеуметтік көмек қажет ететін 21 балаға демеушілер тарапынан кеңсе тауарлары сыйға берілді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Игі бастаманың мақсаты – әлеуметтік көмек қажет ететін отбасыларға жаңа оқу жылына дайындық барасында қолдау көрсету және мектеп табалдырығын енді аттайтын бірінші сынып оқушыларына есте қаларлықтай қуанышты көңіл күй сыйлау.

– Мектеп табалдырығын алғаш ата-тағалы отырған балалар үшін жаңа ортаға бейімделу – психологиялық тұрғыдан оңай емес. Ата-аналарға да өздерін және баланы мектепке дайындау біршама күш пен дайындықты қажет етеді. Осы тұрғыда, мұндай шағын сыйлықтар арқылы бұл маңызды кезеңді жылы әрі жағымды естелікке айналдыруды көздейміз, – деді Иван Скородневский.

Оның айтуынша, «Халық банкі» мұндай қайырымдылық акцияларға тұрақты түрде қатысады. Соңғы 7 жыл бойы банк «Мектепке жол» республикалық акциясына белсенді түрде атсалысып келеді. Жыл сайын еліміздің түпкір-түпкіріндегі оқушыларға мектеп сөмкелері мен оқу құралдары табысталады. Биыл шамамен 3000 бірінші сынып оқушысы сапалы мектеп сөмкелері мен оқу құралдарын сыйлыққа алыпты.

«Халық банкі» тек осы акциямен шектелмек емес. Былтыр Білім басқармасымен бірлесіп, тағы бір маңызды бастаманы қолға алған.

– Біз «Bilim.kz және Kundelik.kz» атты бірлескен бағдарламаны іске қостық. Бұл бағдарлама аясында банк балаларды қаржылық сауаттылыққа үйретіп, үздік оқушыларды ынталандыру мақсатында бағалау жүйесін енгізді. Алғашында бұл жоба 5-11 сынып оқушылары аралығында жүзеге асырылса, биылдан бастап 2-11 сынып оқушылары қамтылады. Бағалау жүйесінде де біраз өзгерістер бар, әр балаға жеке тәсіл қарастырылған. Сонымен қатар, биыл арнайы ұтыс ойындары өткізіледі. Әр қатысушы 100-ге дейін бонус ұтып ала алады. 100 мың бонусқа дейін иеленуі мүмкін. Ұтыс нәтижесінде Қазақстан бойынша 1000 оқушы жеңімпаз болады. Мұндағы басты мақсат – тек ақша табу емес, сонымен бірге, еңбек арқылы жетістікке жету, үздік бағаға ұмтылу және жинаған қаражатын дұрыс жұмсауды үйрену, – дейді банк басшысы.

Сонымен қатар, акция аясында өңірдегі 7 отбасы, 21 балаға Астана қаласының «Ана қолы» қоғамдық қоры мен «Woopray» ЖШС демеушілік қолдау көрсетті. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Ирина Кисилева әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың және көпбалалы отбасының балаларына, ерекше білім беруді қажет ететін балақайларға қажетті гигиеналық құрал-жабдықтар мен кеңсе тауарларын табыс етті. Ирина Кисилева өңірдің шалғай аймақтарында тұратын балалар мен ата-аналарға оқу-құралдарын жеткізу қызметі де ұйымдастырылғанын атап өтті.

– Қазақ халқы «Қуанышты бөліссен, көбейеді, қайғыны бөліссен, азаяды» дейді. Халқымызда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан «Асар» жүйірі бар. Сол дәстүрді жалғастырушы, қиын-қыстау сәттерде жанымыздан табылатын ата-аналар, достар, көршілер, сенімді серіктер, сондай-ақ, көмек қолын созуға дайын компаниялар мен ұйымдар бар екенін естен шығармайық. Олар балаларымызға шаттық пен қуаныш сыйлауға әрдайым дайын, – деп ой түйіндеді Ирина Кисилева.

Қала тұрғыны, көпбалалы ана ретінде Гүләсия Садыкова баласына мектеп сөмкесін алды. Ол балаға қуаныш сыйлаған жанашырларға алғыс айтты.

– Ұлым биыл №37 мектепте бірінші сынып оқиды. Сөмкесінде қажетті барлық кеңсе тауарлары бар екен. Осындай көмек беріп жатқан демеушілерге рақмет айтамын. Көпбалалы аналар үшін де үлкен көмек. Осындай игі шаралар жалғасын таба берсін, – деді.

Суреттерді түсірген автор



• ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Өшпейтін ізі қалды

Бақиына қайтқанына 40 күн болған Қайролла Бекішев белгілі ғалым, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессоры, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, жоғары оқу орнының үздік оқытушысы, Нұра ауданының Құрметті азаматы болатын.

Қара Нұранның қасиетті топырағында жарық дүние есігін ашып, орта мектепті аяқтады. Жоғары білімді маман болып оралғаннан кейін еңбек жолын туған жерінде бастаған Қайролла ағамыздың білімге құштарлығын, аса жоғары ұйымдастырушылық қабілетін байқаған ұстаздары оны өзі бітірген Қарағанды мемлекеттік педагогика институтына жұмысқа шақырады. Осы оқу орнында бес жыл қызмет етіп, педагогикалық еңбегімен қатар ғылыми ізденіске қабілетін танытқан талапты жігітті ЖОО басшылығы Мәскеу мемлекеттік университетінің зоология кафедрасына аспирант етіп жібереді. Қайролла ағамыз сол кездегі Кеңестер Одағының астанасына қонақ болып емес, білім қуып келгенін үлкен жауапкершілікпен сезініп, уақытын зая жібермей, ғылыми ізденіспен өткізді. Маңдай тер, еңбек зая кетпей, 1979 жылы Мәскеудің Серверцев атындағы ғылыми-зерттеу институтында кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. Сөйтіп, жас ғалым елге абыроймен оралып, жұмысын әрі қарай жалғастырды.

Халқымыз «Білім – інменен құдық қазғандай» тегін айтпаған ғой, Қайролла ағамыздың ғылымдағы жолы үнемі қажырлы еңбекпен, ізденіспен, студенттерге дәрiс бере жүрiп, шаршамай-талмай бiлiмiн шындаумен өттi. КСРО-ның алғашқы һәм соңғы Президенті



М.Горбачевтің жариялылығы нәтижесінде ұлт республикалары тәуелсіздігін жариялап, әр халық дербес отауын көтеріп жатқан олара шақта Қайролла Бекішевке ЖОО басшылығы жауапты іс тапсырды: ол Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-ге тәрбие жұмысы бойынша проректор лауазымына тағайындалды. Бұл бұрынғы жоспарлы экономика күйреп, нарықтық қатынастар толық қуатында жұмыс істей алмай жатқан аса қиын кезең болатын. Адамдар бірнеше ай қатарынан жалақы алмаған, ауылдар түгiлi қалалардың өзiнде электр қуаты жетiспейтiн, жарық сөнiп, жылу берiлмеген жылдар едi. Жатақханалардан береке кетiп, студенттер пәтер жағалап, туған-туысын сағалап кетуге мәжбүр болған. Қайролла аға тың қызметке білек сыбана кірісіп, студент жастарды жатақханаларға әкелу үшін ең алдымен, оларды

әр түрлі үйірмелерге, спорттық секцияларға тартты. Бірте-бірте елдің әлеуметтік жағдайы оңалды, жатақхана студенттердің өз үйіне айналды.

Нұралықтар Қайролла Бекішевті туған жерінің нағыз жанашыры, патриоты деп біледі. Нұра өзенін сынап қалдықтарынан тазарту жөніндегі жобасы туған жері мен елінің қамын ойлаудан туындағаны күмәнсіз.

Орталық Қазақстандағы тіршіліктің құретамыры Нұранның ластануы тек мұндағы өсімдіктер мен жануарларға ғана емес, арнасын бойлап қоныстанған адамдар үшін де аса қауіпті екенін жерлес аға ғылыми тұрғыдан әлдеқашан дәлелдеп берген болатын. Ұзындығы мың шақырымға созылатын Нұра өзені жағалауын бойлай орналасқан елдімекендер үшін тіршілік көзі. Ғалым экологиялық апаттардың алдын алуға байла-

нысты тұжырымдарын бүкпесіз, боямасыз, биліктегі басшылардың көзқарасынан қаймықпай, ашық білдіреді. Әсіресе, Нұра өзенінің табанында мыңдаған тонна сынап қалдықтары шөгіп жатқандығын нақты дәлелдермен көрсетті. Нұранның арнасына Қарағанды мен Теміртаудағы кәсіпорындардан құйылатын саркынды сулардың көлемін, зардабын ашына айта келіп, өзінді кешенді түрде тазарту қажеттілігін алға тартып, ол үшін арнайы бағдарлама да әзірледі.

Бәзбіреулер сияқты кеудесін соқпай, дау-дамай көтермей, ақырын жүріп, анық басатын Қайролла аға экология саласында қыруар жұмыс тындырды. Жалпы, болмысы бөлек, талғамы ерек азамат соңына 120-дан астам ғылыми еңбек қалдырған екен.

Суына шомылып, жағасында ойнақтаған Нұрасын ол ерекше қадірлеп жақсы көретін:

– Нұра – менің кір жуып, кіндік кескен жерім, Нұра – менің мақтанышым, бүгінгі мен келешегім. Менің қорғаным да, барым да, асылым да осы қара Нұра. Мен оған мәңгі қарыздармын, – дейтін еді ағынан жарыла.

Ағамыз зайыбы Хауа Нашарбекқызымен қосылып, екеуінің отау көтергеніне биылғы жылдың 25 шілдесінде тура 60 жыл толған еді. Жарасымды ғұмыр кешкен жұп дүниеге төрт бала әкеліп, тәрбиеледі. Қазір олардың бәрі де Қазақстанның белгілі, беделді азаматтары. Болашақ биолог мамандарға білім мен тәрбие беріп әрі ғылымды дамыта жүріп, туған өлкесінің қамын естен шығармайтын, елі мен жерінің нағыз патриоты Қайролла ағамыздың есімі нұралықтардың жүрегінде мәңгі сақталады.

Бикен АХМЕТОВА,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

• «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ – 2025»

Саланың стратегиясын санақ айқындайды

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы Мақсат Тұрлыбаев жұмыс сапарымен Осакаров ауданында болып, ауыл шаруашылығы санағының ұйымдастырылу және өту барысымен танысты.



Болатбек ӘШІМУЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапар барысында Бюро басшысы мен облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков арнайы жиын өткізіп, санақ жұмыстарының маңыздылығына тоқталды. Жиында агроқұрылымдарды толық қамту, деректердің нақтылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар, ауыл тұрғындарының белсенділігін арттыру мәселелері қаралды.

Қарағанды облысы – еліміздің ауыл шаруашылығы саласы неғұрлым дамыған өңірлерінің бірі. Аймақта өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы қатар дамып келеді. Атап айтқанда, өңірде дөңді, майлы, мал азықтық және техникалық дақылдар өсіріледі. Ал, мал шаруашылығында ірі қара, қой-ешкі мен жылқы басым бағыттар ретінде танылған. Биылғы жылдың 1 шілдесіндегі статистикалық мәліметке сүйенсек, облыста 463,9 мың бас ірі қара, 778,6 мың бас қой мен ешкі тіркелген. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығына арналған жер көлемі 11,9 миллион гектарды құраса, соның ішінде 1,2 миллион гектар жер – егістік алқаптары.

Өңдеу өнеркәсібінде де агроөнімдерді қайта өңдеу жетекші орынға ие. Нақты айтқанда, өңірде астық өңдеу саласы – 28%, нан-тоқаш өнімдері – 20,1%, ал өт өңдеу саласы – 13,6% үлеске ие.

– Ауыл шаруашылығы санағы – бұл тек статистикалық шара ғана емес, сонымен қатар елдің аграрлық секторын тұрақты дамытуға қосылатын маңызды үлес. Жиналатын ақпараттың сапасы – ауыл шаруашылығы саясатын

тиімді жоспарлаудың, азықтүлік қауіпсіздігін бағалаудың және мемлекеттік қолдау шараларын нақтылаудың негізгі факторы. Қарағанды облысында шамамен 10 мың ауыл шаруашылығы құрылымы мен 70 мың үй шаруашылығын қамтуды көздеп отырмыз. Бюро, жергілікті атқарушы органдар және аумақтық бөлімшелердің бірлескен жұмысының нәтижесінде санақ жоғары деңгейде өтетініне сенімдімін, – деді Мақсат Тұрлыбаев.

Сапар барысында ол ауылдық әкімдікте орналасқан өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышына барып, тұрғындардың онлайн сауалнамаға қатысу үдерісін бақылады, белсенділік танытқан азаматтарға алғысын білдірді.

Сондай-ақ, бюро басшысы Есіл ауылындағы «Ясная поляна» шаруа қожалығының жұмысымен танысты. Аталған қожалық отыз жылдан астам уақыттан бері дөңді дақылдар өсірумен айналысып келеді. Қожалық ауыл халқын тұрақты жұмыс орындарымен қамтып, өңірлік ауыл шаруашылығы өндірісіне айтарлықтай үлес қосып отыр.

Еске сала кетейік, елімізде 1 тамызда басталған ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 20 қазанға дейін жалғасады. Санаққа бүгінгі күнге дейін 480 мыңнан астам респондент қатысып үлгерген. Бюро басшысы айтқандай, нәтижесі маңызды мемлекеттік шешімдерге негіз болатын, саланың стратегиясын айқындайтын ауыл шаруашылығы санағына жауапкершілікпен қарағанымыз абзал.

Осакаров ауданы

Мәдениет – ұлттың мәйегі

Біраз жылдан бері «Қарағандыға 1500 орындық жана концерт залы керек» деген мәселе көтеріліп келеді. Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы бұл мәселенің шешілетін күні жақын екенін, концерт залының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатқанын мәлімдеді. Мәдениет саласында атқарылған шаруалар мен жоспарлар тұрасында басқарма басшысы орталық коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте айтты берді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәдениет – ұлттық құндылықтар, ұлттық код. Салт-дәстүрден, болмыстан ажыраған ұлттың болашағы бұлыңғыр екенін кәрі тарих дәлелдегелі қашан. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы аймақта маңызды салаға айрықша көңіл бөлінетінін атап өтті.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асыру шеңберінде 2022 жылдан 2025 жылға дейін мәдениет қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры 100% ұлғайтылды. Сонымен қатар, жергілікті бюджеттен лауазымдық жалақыға 30% мөлшерінде ынталандырушы үстемақы қосылды. Біздің қызметіміздің негізгі бағыты – мәдениет мекемелерін дамыту және қолдау, тарихи-мәдени мұраны сақтау және танымал ету, материалдық-техникалық базаны нығайту, театр, музыка, кино өнерін, халық шығармашылығын, кітапхана және музей ісін қолдау болып қала береді. Сонымен қатар, Ұлттық архив қорының құжаттарын есепке алумен, сақтаумен және пайдаланумен айналысамыз. Бұнын барлығы – халқымыз үшін маңызды, – деді Ғалымжан Өтелбайұлы.

Доскей ауылындағы күрделі жөндеу-кейін мәдениет және өнер қызметкерлеріне 40 пәтер берілген. Мәдениет саласында 10 жылдан астам жұмыс өтілі бар қызметкерлер үшін осы пәтерлерді жекешелендіру рәсімі басталыпты.



Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің қызметкерлері үшін 19 пәтерлік жатақхана қайта жаңартылып жатыр. «Шалқыма» концерт залын, цирк ғимаратын, К.Станиславский орыс драма театрын қайта құру жоспарланған.

Ауылдық мәдениет нысандарын салуға бағытталған екі жоба іске асырылуда. Осы жылдың соңына дейін Бұқар жырау ауданына қарасты Көкпекті ауылында 200 орындық ауылдық клуб, Нұра ауданының Нұра кентінде Өнер үйі халыққа есігін ашпақ. Ал, Қарқаралы ауданының Бүркітті ауылындағы, Ақтоғай ауданының Нарманбет ауылындағы екі клуб пен Шет ауданының Ақшоқы ауылындағы мәдениет үйіне жасалып жатқан күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын.

Өңірде халық шығармашылығын қолдау және дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. «Облыс тұрғындарының

шығармашылық әлеуетін арттыру және қазақстандық мәдениетті халықаралық аренаға шығару – басқарма алдындағы негізгі міндеттердің бірі», – деді Ғалымжан Өтелбайұлы.

– Мәдениет мекемелерінде қатысушылардың жалпы саны 25 мыңнан асатын 1 444 клубтық құралым жұмыс істейді. Солардың ішінде, 965 көркемөнерпаздар ұжымы бар. 16 мыңнан астам өнерпаз аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық конкурстар мен фестивальдерге тұрақты түрде қатысады. Ұйымдастырушылық, әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсетіледі. Гастрольдер, шеберлік сыныптары, фестивалдер ұйымдастырылады. Сонымен қатар, материалдық-техникалық базаны жаңартуға баса мән беріледі. Атқарған жұмыстардың нәтижесі ретінде 2025 жылы наурызда Ыстамбұлда өткен «Alash Star»

халықаралық көп жанрлы байқауында Нұра кентінің мәдениет үйінен «Шұғыла» хореографиялық ансамблінің жеңіске жеткенін айтуға болады. Ұжым бас жүлдені жеңіп алды. Ал, ансамбль мүшесі Нұравия Сайранова өз номинациясында бірінші орынға ие болып, орындаушылық шеберліктің жоғары деңгейін көрсетті, – деді басқарма басшысы.

Жазира Казимова болса, сәуір айында «DUBAI-GRAND» халықаралық фестивалінде Гран-при иегері атанған еді.

«Nda production» Қарағанды командасының және режиссер Асылжан Ізбасардың «Пат» қысқаметражды фильмі Шымкенттегі Samgau республикалық кинофестивалінде бас жүлдеге лайық деп танылды. Асылжан Ізбасар – «Ortau» креативті орталығының және «Startkino Қарағанды» қоғамдық бірлестігінің режиссері. Аймақтағы киноөндірісті дамы-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

туға сеп болатын екі қоғамдық бірлестік бірегей жобалардың қатарында. Сегіз жастағы Томирис Дүйсенбай Халықаралық балалар шығармашылығы фестивалінде Гран-приге қол жеткізді.

Қарағандыда күй Тәңірқұты Тәттімбет Қазанғапұлының 210 жылдығына арналған IX республикалық байқауы өтті.

Астанада «Рухани қазына – 2025» республикалық фестивалінде кәсіби мамандар мәдени ұйымдардың үздік қызметкерлерін таңдаған еді. «Үздік балалар, жасөспірімдер, немесе, балалар-жасөспірімдер кітапханасы» номинациясы бойынша Балқаш қаласының А.Гайдар атындағы орталық қалалық балалар кітапханасы жеңімпаз атанды.

Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрында жыл сайын «Кукляндия» қуыршақ театрларының фестивалі ұйымдастырылады. Бұл – аймақтың жарқын бастамаларының бірі. Фестивальге әлемнің түпкір-түпкірінен театрлар ағылады.

Қарағандылық акындар мен дәстүрлі өнер орындаушыларының жетістігін де атап өткен жөн. Биыл еліміздің барлық өңірлерін қамтыған «AMANAT» партиясының қолдауымен ұйымдастырылған «Командалық айтасы» жобасында Арқадан барған құрамның жұлдызды жарық болды. 17 мамырда Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде қырғыз және қазақ акындарының халықаралық айтасы өтіп, жерлесіміз Дидар Ками бас жүлде алып, Сарыарқаның ғана емес, тұтас Қазақстанның мәртебесін әлемдік сахнада көтерді.

Түйткілді мәселе де бар. Өңірде 15 мемлекеттік архив (2 облыстық, 6 қалалық, 7 аудандық) және 1 филиал жұмыс істейді. Архивтердің 90%-дан астам қоймалары лық толған. Көптеген ғимарат бейімделген үйлерде орналасқан. Бұл мәселені шешу үшін Қарағанды, Саран және Қарқаралы қалаларында жана архив ғимараттарын салуға жер телімдері бөлінді. Бұқар жырау ауданының архиві 2025 жылы жаңа ғимаратқа көшті.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Шахтинскідегі шахтерлер тойы

Жылдағыдай Шахтерлер күні мерекесі Шахтинск қаласында ерекше тойланып, тұрғындарды шалқыған шаттыққа бөледі. Оның да жөні бар.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков жерлес кеншілерін кәсіби мерекесімен құттықтау сөзінде мұны атап өтіп:

– Біздің Шахтинск, атының өзі айтып тұрғандай, кеншілер қаласы болып табылады. Мұнда облысымыздағы ірі кәсіпорын «Qatmet» АҚ қарасты 8 шахтаның тең жарымы – «Қазақстан», «Тентек», «Шахтинск», Ленин атындағы шахталар мен Кіші механизацияның стандартталмаған жабдықтары зауыты орналасып, бұларда мыңдаған шахтинскіліктер жұмыс істейді. Міне, осы адамдардың қажырлы еңбегі мен күш-жігерінің арқасында қаламыздың экономикасы да өркендеп, әлеуметтік сала да дамып, көркейіп келеді. Бүгін соған байланысты осы іске лайықты үлес қосып жүрген бір топ азаматтарды құрметтеп, қошеметтегілі отырмыз, – деп, 18 адамға қала әкімінің Құрмет грамоталарын табыс етті.

Марапат алғандардың қатарында «Qatmet» АҚ Көмір департаментінің кәсіпорындарында еңбек ететін Александр Сиваков, Төлеген Нұрмұхамбет, Марина Мадан, Ольга Келлер, Айсұлу



Малмакова, Ерлан Қарабалин, Қайрат Сейсембеков, Ерден Башкенов, Леонид Ионушкин, Виктория Соколова, Галина Фатхутдинова, Оксана Фомина, Амангелді Әбдіхалыков, Геннадий Бруль, Отто Кауль, Ринат Шатахметов, Юрий Корчагин, Александр Лидонов сияқты майталман мамандар бар.

Бұдан кейін сөйлеген «Qatmet» АҚ

бас директоры Вадим Басин мен оның Көмір департаментінің директоры Жәкән Мұхамеджанов шахтинскілік кеншілердің еліміздің, соның ішінде облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөліне тоқталып, инвестицияларды тарту арқылы өз кәсіпорындарын жаңғыртып, жаңа жабдықтар сатып алу ісі жалғаса беретінін айтты.

Бұл күні қалалық әкімдік алдындағы алаңда тігілген шатырларда сауда қызып, түрлі спорт жарыстары өтті. Мәселен, осы жерде өткен қол күресі мен кір тасын көтеруден Уатхан Оңғардың бір өзі жеңімпаз атанса, қаладағы «Тентек» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде қазақ күресі мен баскетболдан болған сайыстарда да белгілі болған жұлдегерлер дипломдар мен медальдармен марапатталды. Ал, жарыстың нағыз көкесі қалалық стадионда өткен футболдың актық айқасы мен Шахан кентінің атшабарында ұйымдастырылған ат бәйгесінде болды. Атап айтқанда, футбол бәсекесіне Шахтинск аймағының 8 командасы қатысып, қала әкімінің кубогын сарапқа салды. Соның қорытындысында бірінші орын алған Новолинка кентінің командасына кубок пен 150 мың теңгенің ақша сертификатын, екінші орын иесі ВГСЧ командасына диплом мен 100 мың теңгенің ақша сертификатын, үшінші орыннан көрінген Долинка кентінің командасына диплом мен 70 мың теңгенің ақша сертификатын Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков өз қолымен тапсырды. Доп тебу ойындары барысында Артем Дроздов «Үздік ойыншы», Александр Рабиза «Үздік қорғаушы», Дмитрий Цыбарев «Үздік қақпашы» болып танылды.

Шахан кентінің атшабарында болған ат бәйгесіне облысымыздан ғана емес, Астана қаласынан да жүйріктерін жетелеп келіп, қосып жатқандар аз болмады. Мұнда тай жарысы, құнан жарысы, Аламан бәйге жеке-жеке өтіп, суырылып

топтан озған жүйріктердің иелеріне Шахтинск қаласының әкімі тағайындаған бағалы сыйлықтар беріліп, қанжығалары бос қайтпады. Яғни, 5 шақырымдық тай жарысында додаға түскен 21 тайдың арасынан Шет ауданы Жарық станциясынан келген шабандоздың «Ханым» атты тайы бәрінен озып, оған түрлі-түсті теледидар табысталды. Ал, 18 құнан бақ сынасқан 10 шақырым бәйге жолында Бұқар жырау ауданы Тоғызқұдық ауылының «Хабар» деген құнаны бірде-бірін шаңына ілестірмей, тоңазытқышты олжаласа, Аламан бәйгеде 17 аттан оқ бойы озық келген Қарағанды қаласының «Даяр» дейтін сәйгүлігіне де түрлі-түсті теледидар берілді. Екінші, үшінші орын алған шабандоздарға да кіржуғыш машина, мұздатқыш тәрізді бағалы бұйымдар ұсынылды.

Шахтинскідегі кеншілер мерекесінде шырқалған ән мен тартылған күй, билеген би танертеннен түннің бір уағына дейін толастамады. Сахна төрінде жергілікті өнерпаздар мен Қали Байжанов атындағы облыстық концерттік бірлестіктің әнші, күйшілері мен бишілері кезекпе кезек өнер көрсетіп, мерекеге жиналған жұртшылық Қазақстан эстрадасының жұлдыздары Айқын Төлепберген мен Мақпал Исабекова, Әлем айтқан әндерді сүйсіне тыңдап, Шахтинскідегі думанды мереке отшашумен аяқталды.

ШАХТИНСК

Сурет ұйымдастырушылардан

• ФУТБОЛ

Шымырханның шешуші голы

Бірінші лиганың 20-турында «Шахтёр» Өскеменнің «Алтай» командасын 2:1 есебімен жеңіп, маңызды үш ұнайға қол жеткізді. Бұл жеңістен кейін «Шахтёр» төртінші орынға орнықты. Ал, «Алтай» бір саты жоғары, үздік үштікте тұр. Екі футбол клубы да маусым басынан бері тізімнің басынан түспей келеді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Матч жоғары қарқынмен басталды. Қонақтар сапындағы тәжірибелі шабуылшы Сергей Хижниченко сегізінші минутта бұрынғы командасының қақпасына гол соғып, «Алтайды» алға шығарды. Алғашқы кезеңнің соңғы минуттарында Арман Нүсіптің бұрыштама соққысынан әуелеген допты «ә» деген сәтте орайлы пайдаланған Дәулет Зайнетдинов баспен қақпаға енгізіп, таразы басын теңестірді. Екінші таймда екі команда да шабуылда белсенді болды. Дегенмен, есеп 88-минутқа дейін өзгерген жоқ. Дәл осы сәтте қарағандылық Сұлтан Шымырхан шапшаңдық танытып, жеңіс голын қарсы-

лас қақпасына тоғытты. Қорытынды есеп – 2:1.

«Шахтёр» мен «Алтай» соңғы жылдары Бірінші лигада бірнеше рет жолығып келеді. Әдетте, қарсыласу тең дәрежеде өтеді. Кейде қарағандылықтар басым түсе, кейде шығысқазақстандықтардың бәсі биік. Маусымның қалған бөлігі екі ұжым үшін де шешуші болмақ.

Келесі турда «Шахтёр» 11 қыркүйек күні Алматыда жергілікті «Ақас» командасына қарсы ойнайды.

Сурет «Шахтёр» футбол клубының баспасөз қызметінен

• БӘРЕКЕЛДІ!


Балуанға оң-солы бірдей

Талдықорған төрінде өткен қазақ күресінен Қазақстан чемпионатында балқаштық балуан Оразғали Мұхаметжанов алтын жүлдемен оралды. Сонымен қатар, ардагер балуан «Арландар айқасы» төсбелгісін және арнайы чемпион белбеуін иеленді.

Нұрдіос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүбірлі додаға еліміздің барлық өңірінен 500-ге жуық балуан қатысқан. 55-59 жас аралығындағы қатысушылар арасында, 60 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Оразғали Тұрсынұлы үш бірдей қарсыласынан басым түсіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

– Абай облысы, Жетісу, Алматы және Қарағанды облысының балуандары арасында өткен сайыста мықтылар жиналды. Салмағымызда төрт балуан болдық. Үш



кездесудің үшеуінде де минутқа жетпей жеңіске жеттім. Шамасы, сол үшін маған

ғана арнайы медаль мен төсбелгі табысталды, – дейді Оразғали Мұхаметжанов.

Бұл марапат балуанның қазақ күресін дамытуға қосқан үлесі мен ұлттық спорттағы жетістіктері үшін табысталған көрінеді.

Айта кету керек, Оразғали Тұрсынұлы – қазақ күресінен Қазақстан Республикасының үш дүркін, дзюдо күресінен екі мәрте чемпионы. Сонымен қатар, «Арландар айқасы» додасында екі мәрте алтын және екі рет күміс жүлдені иеленген. Жетістіктерін туған қаласы Балқашқа және жас ұрпаққа арнағанын айтады.

– Бұл жеңісті Балқаш қаласына, өсіп келе жатқан балаларға арнаймын. Жас-тарға үлгі болсын. Жеңіс – қаламыздың абыройы. Спортпен айналысу ешқашан кеш емес. Тек еңбектену керек, дайындық қажет, – дейді ардагер балуан.

БАЛҚАШ

Сурет кейінкерден

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» кубоктан қағылды

Қазақстан кубогының финалында «Сарыарқа» Өскеменнің «Торпедосынан» 1:4 есебімен есе жіберді. Финалда сәтсіздікке ұшыраса да, қарағандылық жанкүйерлер үшін бұл ойын жаңа маусым алдындағы сабақ болмақ.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Финал алғашқы кезеңнен-ақ сарыарқалықтар үшін сәтсіз басталды. «Торпедо» небәрі 20 минут ішінде үш шайба соғып, айқын басымдыққа ие болды. Қорғаныстағы қателіктер мен қақпашының қапы қалуы «Сарыарқаны» сан соқтырды. Екінші кезеңде команда намысқа тырысып, Кузьменконың әдемі голымен есепті қысқартты. Өкінішке қарай, бұл қарағандылықтардың жалғыз шайбасы болды. Соңғы кезеңде шығысқазақстандықтар тағы бір рет көзге түсіп, ойынға нүкте қойды. Есеп – 1:4.

«Сарыарқа» мен «Торпедоның» бұрынғы ойындарына көз жүгіртсек, жалпы есепте біздің команда айқын басым



– 32 жеңіс. Бұл ретте статистика қарағандылықтардың әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Алайда, дәл осы финалда тәжірибе мен шабуылдағы өткірлік қарсыластың пайдасына шешілді.

Финалдағы жеңіліс «Сарыарқа» үшін ауыр тиді. Дегенмен, команда өз жанкүй-

ерлерінің сенімін сақтап қалуға бар күш-жігерін салды. Жаттықтырушылар штабы қателіктерді саралап, күзде басталатын жаңа маусымды тың дайындықпен бастауға ниетті.

Сурет «Сарыарқа» хоккей клубының баспасөз қызметінен

 ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактордың м. а. Қ.А. АЙТХАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 478 №96 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор ЕРІК НАРЫН
---	--	---